

8 шілде,
Сәрсенбі,
2020 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ОЙЫЛ

ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ҚАЛЫПТЫ, БІРАҚ, АУРУ АСҚЫНСА ҚАУІПТІ!

ЖАЛПЫ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАН ШЫҒУ ҮШІН БАРЛЫҚ МҮМКІНДІК ЖАСАЛУДА. МАМАННЫҢ ТАПШЫ ЕКЕНІ РАС. ҚАЗІР ЕМХАНА ДӘРІГЕРЛЕРІНЕН БРИГАДА ЖАСАҚТАЛДЫ. БАРЛЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР ОСЫ ІНДЕТПЕН КҮРЕСУГЕ ЖҰМЫЛДЫРЫЛУДА. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ АРНАЙЫ БҰЙРЫҒЫ БОЙЫНША ПУЛЬМОНОЛОГ МАМАНЫНАН БАСҚА НЕФРОЛОГ, ТЕРАПЕВТ, ХИРУРГ СЕКІЛДІ МАМАНДАРДЫҢ АРНАЙЫ ХАТТАМА БОЙЫНША ӨКПЕГЕ ЕМ ЖҮРГІЗУГЕ ҚҰҚЫҒЫ БАР. ҚАЗІР АУРУХАНАНЫҢ МАМАНДАРЫ ӨКПЕ ДЕРТІНІҢ АСҚЫНЫП КЕТПЕУІ ҮШІН БАР КҮШІН САЛУДА.

Тұрғындардың көпшілігі емханаға барғысы келмейді. Қызуы көтеріліп, өзін жайсыз сезінсе, бірден жедел жәрдем шақырады. Сондықтан емхана жанынан науқастарға консультация ретінде «Сенім телефоны» 2-20-21» ашылды. Онлайн консультация арқылы шағымына байланысты учаскелік дәрігеріне немесе жедел жәрдемге хабарласуға бағыт беріледі. Мамандар ауруды анықтап, асқынбай тұрғанында емдейді. Ал ауру асқынса, жағдайдың жақсы болмайтыны белгілі.

Орталық аурухананың провизорлық стационарға арналған кереует саны көбейтілді. Қазіргі уақытта бұл жерде тек пневмонияның ауыр түріне шалдыққан науқастарға ғана ем жүргізіледі. Науқас ауруханада 7-10 күн емделіп, содан кейін олар өрі қарай үйден ем алады. Дерттің жеңіл түріне шалдыққан науқастар күндізгі стационардан ем-домды алады. Фимарат ішінде ауаны алмастырып, желдетіп тұратын жүйе жұмыс жасайды.

Пневмония (гр. *pneumon* — өкпе), өкпе қабынуы — өкпе тінінің қабынуынан немесе басқа аурулардың асқынуынан болатын өкпенің жұқпалы ауруы. Ол көбіне қызылша, көкжөтел, тұмау, бронхит, демікпе сияқты тыныс ауруларын немесе өсіресе жас балалар мен қарт адамдарда болатын қатаң аурулардан кейін пайда болады. Ауруды әр түрлі вирустар (аденовирус, риновирус), бактериялар (пневмококк, стафилококк, стрептококк) қоздырады. Аурудың дамуына дененің қатты мұздауы, ауыр жұмыс пен жүйкеге күш түсіру, улану, т.б. факторлар әсер етеді.

Сырқаттың ұзақтығына қарай: *жедел пневмония* және *созылмалы пневмония*, ал қабынудың жайылып тарауына қарай: *бөлікті пневмония* және *ошақты пневмония* болып бөлінеді.

Жедел пневмония кенеттен басталады, дене қызуы 39 — 40°C-қа, кейде одан да жоғары көтеріледі, науқас қалтырап, алғашқыда құрғақ, кейіннен қақырықты жөтел пайда болады. Науқастың бүйірі шаншиды, біртіндеп тынысы тарылып, ауа жетпейді, буындары сырқырайды.

Ем қабылдаған соң аурудың беті

3 — 5 күннен кейін қайта бастайды. Созылмалы пневмония ауру асқынып, өкпе тінінің құрылымы мен қызметінің толық қалпына келмеуінен, сондай-ақ созылмалы бронхиттің салдарынан болады. Бұл кезде өкпенің белгілі бір тұстары қайталап қабынады. Сырқаттың дем алысы өлсіреп, сөл күш түссе деміге бастайды.

Ауру асқынғанда пневмонияның жедел түріндегі клиникалық белгілері қайталаынады. Созылмалы пневмония ұзаққа созылады. Дер кезінде емделсе, науқас 2-3 аптадан соң жазыла бастайды. Балаларда болатын пневмонияның кейбір ерекшеліктері бар. Олар пневмониямен ауырғанда демігумен бірге бетінің әр жері, өсіресе үстіңгі ернінің айналасы өлсін-өлсін көгереді; диспепсия белгілері байқалуы мүмкін. Көп жағдайда төбеті мен ұйқысы бұзылады. Жаңа туған сәби пневмониямен ауырғыш келеді. Кейде кеудесі сырылдап, сілекейі көбіктенеді. Жас балалар мен сәбилерде болатын пневмония өте қауіпті, көп жағдайда ауру асқынып, отитке немесе плевритке ауысады. Емі: өкпе жедел қабынса, ауруханада стационарлық ем қабылдау қажет. **Физиотерапия**, емдік дене шынықтырумен айналысу, құнарлы, витамині көп тағамдар ішу пневмонияның алдын алуға көмектеседі.

Белгілері.

- Бірден қалтырап, ыстықтың көтерілуі;
 - Дем алыстың жиілеуі, одан қырылдаған немесе сырылдаған дыбыстың шығуы;
 - Әр дем алған кезде Пневмония дем шығарған сайын мұрынның желбезегі көтеріліп Пневмония басылып тұрады;
 - Дененің ысуы (кейде жаңа туған нәресте немесе қарт адамдар, өсіресе өлсіз адамдар, ауыр өкпе қабынуымен ауырғанда температура айтарлықтай көтерілмейді);
 - Жөтел (түсі сары, жасыл немесе қошқыл қоңыр, не сілекейге аздап қан араласқан);
 - Кеуде ауырады;
 - Науқастың халі ауырлайды;
 - Жалпы, өкпенің ауруы еш білінбей басталуы да мүмкін.
- Немесе басқа да аурулармен шатастырады. Мейлінше жоғарыда жазылған белгілер біліне басталы-

сымен-ақ, дәрігердің қабылдауына жазылыңыз.

Ауруханаға түскен науқастар ПТР, яғни полимеразды тізбекті реакция арқылы коронавирусқа тексеріледі. Олардың көпшілігінен індет белгісі анықталып жатқан жоқ. Бірақ барлығын COVID-19 сияқты емдейміз. Себебі бұл - вирусты пневмония, өкпенің қабынуы сол вирустың өсерінен болуы өбден мүмкін.

Коронавирустың инфекция анықталған жағдайда бекітілген шұғыл хабарлама және алгоритм бойынша жұмыс жүргізілді. Анықталған жағдайда науқасты жұқпалы аурулар бөліміне, провизорный госпитальға жатқызып, бір реттік қорғаныш костюммен COVID-19-ға сынама алынады. Сынама қорытынды теріс болған жағдайда 14 күн үй карантинінде жіберіледі. Дәрі-дәрмектер, жеке қорғаныш құралдар қазіргі таңда жеткілікті.

Ауру қарапайым тұмау сияқты басталады. Денеде өлсіздік пайда болады. Басы ауырып, қызуы көтеріледі. Терлейді. Құрғақ жөтел пайда болады. Кейбір адамда жөтел де болмауы мүмкін. Иіс, дәм сезбейді. Бұл ауру 50жастан асқан, өсіресе қант диабеті, демікпе, бронх ауруы бар және толық адамдарға ауыр соғады. Себебі вирус өзге ауруларды асқындырады. Егде жастағылар бұл ауруға төтеп бере алмайды. Ал жастар ауруға төтеп береді. Егер иммунитет күшті болса, 3-4 күнде сауығып кетеді. Көпшілік үрейленіп, рентгенге сенбей, компьютерлік томографияға түсуге. Өкпе қабынуын анықтау үшін рентген аппаратына түсу жеткілікті. Рентген өкпенің жағдайын анық көрсетіп береді. Сондықтан КТ-ға жүгірудің қажеті жоқ.

Карантин аяқталғаннан кейін адамдар жаппай сыртқа шықты. Бір -бірімен қарым-қатынасы күшейді. Вирус тез тарайды. Он күннен кейін-ақ пневмонияға шалдыққан науқастар түсе бастады. Алғашқыда халық індеттің барына сенген жоқ. Ал қазір тұрғындар жаппай ауырып жатыр. Вирус адамнан адамға жұққан сайын өлсірейді. Кез келген вирус адам денесіне түскенде ғана өлсірейді. Алдағы үш апта осылай ауыр ауырады. Содан кейін барып жағдай жақсарайды. Дәрігерлер мен науқастар осы уақыт аралығында бір-біріне түсіністікпен қарауы қажет. Сонда ғана бұл індетті жеңеміз.

Антибиотикті дәрігердің нұсқауымен ғана ішу керек. Сондықтан ауру белгісі байқалса, өз бетінше емделмей, бірден учаскелік дәрігеріңізге қаралған жөн. Қазіргі жағдайда барынша сақтық шараларын жасаған дұрыс. Кондиционер қосып,

КОРОНАВИРУС БЕЛГІЛЕРІ ПАЙДА БОЛҒАН КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК

ЕГЕР СІЗДЕ, ТӨМЕНДЕГІ СИМПТОМДАР БОЛСА

- дене қызуының 38 С дейін көтерілуі
- жалпы әлсіздік
- терлеу
- дененің ауырсынуы
- тамақтың жыбырлауы
- жөтел
- дәм мен иіс сезудің бұзылуы

СИМПТОМДАРҒА БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗІҢІЗ:

- тыныс алу жиілігі
- дене температурасы
- ентігу
- жөтелдің пайда болуы/күшеюі

УЧАСКЕЛІК ДӘРІГЕРГЕ СИМПТОМДАРДЫ ХАБАРЛАП ОТЫРЫҢЫЗ

- үйде болыңыз
- отбасы мүшелерінен оқшаулаңыз
- учаскелік дәрігерге хабарлаңыз
- көп сұйықтық ішу
- температураны төмендетуге арналған парацетамол
- төсек режимі

Егер температура 3-5 күннен артық болса, жөтел күшейсе **УЧАСКЕЛІК ДӘРІГЕРГЕ ХАБАРЛАҢЫЗ**

Тыныс алу жиілігі минутына 24-тен артық болған кезде
Ентігу күшейген кезде **УЧАСКЕЛІК ДӘРІГЕРГЕ ХАБАРЛАҢЫЗ/ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ШАҚЫРЫҢЫЗ**

ҰСЫНЫЛМАЙДЫ:

- қоғамдық жерлерге және қонаққа баруға
- КВИ тест тапсыру үшін зертханаға баруға
- КТ жасату – өкпедегі өзгерістер бірден пайда болмайды

салқын су ішпеген жөн. Қолды жиі жуып, үйді желдетіп, жуып, ауаны алмастырып отыру керек. Өкпеге тыныс алу жаттығуларын жасаған дұрыс. Ауру белгісі байқалған жағдайда адам өзін-өзі оқшаулау керек. Жалпы қазір ауырмаған адам да өзін-өзі оқшаулап жүруі керек. Аурудан сақтанудың ең тиімді жолы-тазалық пен салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану. Имму-нитет мықты болса, адам ауруға бой алдырмайды. Коронавирус жұқтырған күннің өзінде жеңіл өтеді.

Қазіргі уақытта аудан бойынша коронавирустың инфекцияға лабораториялық тексеруден өткізілген адамдар саны - 569, оның ішінде оң нәтиже берген - 14 адам. Экспресс тестілеуден өткен адамдар саны - 101. Провизорлық стационарда -70 керует, 27 науқас емделіп жатыр, пневмония - 58, барлығы орташа ауырлықта. Инфекциялық госпиталь 10 керует, 3 науқас емделіп жатыр. Карантиндік стационарда науқас жоқ, үй карантинінде 40 адам, «Тенгиз Шевроил» компаниясының аймағынан келген -4 адам, жақын қарым-қатынас болғандар саны - 36 адам. Барлығы да өзб қосымшаға тіркелінді, кері байланыс арқылы қатаң бақылауда.

Жоспарлы түрде операцияға, емделуге баратын науқастар, сана-

ториялық емге баратындар экспресс тестілеуден және ПТР лабораториялық зерттеуден тегін өте алады.

Осындай кезеңде ауру жұқтыру қаупіне қарамастан аянбай тер төгіп, еңбек етіп жүрген ақ халаттылардың еңбегі зор. Қазір ауырып жатқан адам көп, сондықтан күндізгі стационардың кереует саны көбейтіліп, тұрақты түрде жұмыс жасауда. Келіп жатқан науқастарды денсаулық жағдайына қарай қабылдаймыз. Бұл вирус жас, көрі, бала, қарт деп таңдамайды. Сондықтан адам көп шоғырланған жерге бармауды, бетперде тағып жүруге, жеке бас гигиенасын сақтап, қолға антисептик қолданып жүруге кеңес береміз. Адамдар осыны түссіне дейміз.

Вирустық пневмониямен ауырып жатқандардың көбі бұрыннан созылмалы аурулары бар науқастар, қарт кісілер. Қазіргі таңда провизорлық госпитальде барлығы - 27 науқас осы вирусты пневмониямен емделіп жатыр. Ауруханада осы диагнозбен қайтыс болғандар саны - 2. Қазіргі таңда ем алып жатқан науқастардың жағдайы күннен күнге жақсарып келеді.

Сәндібек НҰРБАЕВ,
Ойыл аудандық
ауруханасының бас дәрігері.

Ақтөбе облысы аумағында қатаң шектеу және карантиндік шараларын енгізу туралы

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ ҚАУЛЫ

04.07.2020 ж.

Ақтөбе қаласы

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДА ҚАТАҢ ШЕКТЕУ ЖӘНЕ КАРАНТИНДІК ШАРАЛАРЫН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Мен, Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігері Беркімбаева Нұрсұлу Алтынбекқызы, Ақтөбе облысының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан әрі – COVID-19) коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында, «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығына және «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан 2019 жылғы 20 наурыздағы №235 бұйрығына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

- 2020 жылғы 05 шілде сағат 00:00 бастап 14 күнге қатаң шектеу және карантин шараларын енгізілсін.
- Осы кезең ішінде аурушандық динамикасы нашарлаған жағдайда Ақтөбе облысында қосымша қатаң шектеу шараларын енгізілсін.
- Ақтөбе облысының аудан және қала әкімдері, тұрғындары қамтамасыз етсін:
 - Ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, көрмелер, форумдар, конференциялар, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларын (банктер, үйлену тойлары, мерейтойлар, ас беру) оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салынуы;
 - Карантин режимін, шектеу және эпидемияға қарсы іс-шараларды сақтауын;
 - Қала бойынша, оның ішінде сабақтарда, скверлерде серуендеу уақыты бойынша үш адамнан аспайтын халықтың орын ауыстыруын шектеуді;
 - 65 жастан асқан адамдардың қозғалысын шектеуді.
- Аудандар мен Ақтөбе қаласының әкімдеріне, мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, меншік нысанына қарамастан кәсіпкерлік субъектілеріне:
 - Ақтөбе облысының аудандары арасындағы автобус қатынасын тоқтату;
 - Қоғамдық көліктің 50%-дан аспайтын толуымен, қозғалыстың біркелкі кестесімен, қоғамдық көліктің (автобустардың, шағын автобустардың және басқалардың) желіге барынша шығуымен, қалаларда қоғамдық көліктің жұмыс режимін сағат 06:00-ден 21:00-ге дейін шектелсін.
 - Қызметке тыйым салу:
 - сауда-ойын-сауық орталықтары;
 - сауда үйлері, орталықтар, сауда желілері, оларда орналасқан азық-түлік супермаркеттерінен, дүкендер мен дөріханаларды қоспағанда (тапсырыстарды клиентке жеткізу арқылы азық-түлік емес тауарларды сатуға жол беріледі);
 - ойын-сауық мекемелері (караоке, бильярд, компьютерлік клубтар, түнгі клубтар, боулинг-орталықтар, кальян, аттракциондар, балалардың ойын алаңдары, батуттар және басқалары);
 - кинотеатрлар;
 - балаларды сауықтыру лагерлері;
 - мектепке дейінгі балалар мекемелері, балалардың түзету кабинеттері, білім беру орталықтары, балалар дамыту орталықтары, үйірмелер, балалар мен ересектерге арналған курстар;
 - фудкорттар;
 - банкет залы;
 - сұлулық салондары, шаштараз, маникюр және педикюр кабинеттері;
 - спорт және жаттығу залдары, фитнес-орталықтар;
 - бассейндер;
 - монша, сауна;
 - спа-орталықтар, массаж кабинеттері;

- мал азығын сатын, автомобиль, коммуналдық шағын базарларды, ашық алаңдарда көкөністер мен жемістерді сататын көтерме базарларды, ауыл шаруашылық жәрменкелерді қоспағанда, базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес);
 - қалалық жағажайлар, аквапарктер;
 - діни нысандар (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т.б.);
 - мәдениет нысандары;
 - мұражайлар, көрмелер, форумдар, конференциялар және өзге де ұйымдастырылған бұқаралық іс-шаралар.
- Жұмыс режимін шектеу:
 - азық-түлікті сататын сауда желілері, азық-түлік дүкендері күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып сағат 10:00-ден 21:00-ге дейін және жабылғаннан кейін жууды, дезинфекциялауды жүргізеді;
 - мал азығын сататын, автомобиль, коммуналдық шағын базарлар, ашық алаңдарда көкөністер мен жемістерді сататын көтерме базарлар күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып сағат 08:00-ден 18:00-ге дейін және өр аптаның дүйсенбісінде дезинфекциялық қызмет түрлерін жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдармен жуу, дезинфекция жүргізу үшін санитарлық күнге жабылады;
 - ХҚКО алдын ала брондау бойынша дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 15:00-ге дейін;
 - екінші деңгейдегі банктер сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін;
 - “Қазпочта” АҚ сағат 09:00-ден 15:00-ге дейін, онлайн форматта қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда.
 - бизнес-орталықтар (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг, жылжымайтын мүлік агенттігі, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары және т. б.), айырбастау пункттері, ломбардтар, букмекер кеңселері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін;
 - халыққа қызмет көрсету объектілері (Автожуу, автомобильдерді жөндеу, тұрмыстық техниканы жөн-

- мал азығын сатын, автомобиль, коммуналдық шағын базарларды, ашық алаңдарда көкөністер мен жемістерді сататын көтерме базарларды, ауыл шаруашылық жәрменкелерді қоспағанда, базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес);
 - қалалық жағажайлар, аквапарктер;
 - діни нысандар (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т.б.);
 - мәдениет нысандары;
 - мұражайлар, көрмелер, форумдар, конференциялар және өзге де ұйымдастырылған бұқаралық іс-шаралар.
- Жұмыс режимін шектеу:
 - азық-түлікті сататын сауда желілері, азық-түлік дүкендері күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып сағат 10:00-ден 21:00-ге дейін және жабылғаннан кейін жууды, дезинфекциялауды жүргізеді;
 - мал азығын сататын, автомобиль, коммуналдық шағын базарлар, ашық алаңдарда көкөністер мен жемістерді сататын көтерме базарлар күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып сағат 08:00-ден 18:00-ге дейін және өр аптаның дүйсенбісінде дезинфекциялық қызмет түрлерін жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдармен жуу, дезинфекция жүргізу үшін санитарлық күнге жабылады;
 - ХҚКО алдын ала брондау бойынша дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 15:00-ге дейін;
 - екінші деңгейдегі банктер сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін;
 - “Қазпочта” АҚ сағат 09:00-ден 15:00-ге дейін, онлайн форматта қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда.
 - бизнес-орталықтар (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг, жылжымайтын мүлік агенттігі, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары және т. б.), айырбастау пункттері, ломбардтар, букмекер кеңселері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін;
 - халыққа қызмет көрсету объектілері (Автожуу, автомобильдерді жөндеу, тұрмыстық техниканы жөн-

Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігері Н.А. БЕРКІМБАЕВА.

Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 4 маусымдағы № ПГГСВ-42 қаулысына қосымша

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН КЕЙБІР ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

- «Ақтөбе облысындағы коронавирус инфекциясы бойынша әрі қарай жүргізілетін шектеу шаралары және Ақтөбе қаласындағы карантин режимі туралы» Ақтөбе облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 10 мамырдағы №ПГГСВ-26 қаулысы;
- «Ақтөбе облысындағы коронавирус инфекциясы бойынша әрі қарай жүргізілетін шектеу шаралары және Ақтөбе қаласындағы карантин режимі туралы» Ақтөбе облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 15 мамырдағы №ПГГСВ-27 қаулысы;
- «Ақтөбе облысы тұрғындары арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Ақтөбе облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 мамырдағы №ПГГСВ-28 қаулысы;
- «Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 26.05.2020 жылғы №ПГГСВ-28 қаулысына өзгерістер енгізу туралы және Ақтөбе облысы тұрғындары арасында COVID-19 ауруын алдын алу бойынша шектеу шаралары жөніндегі» Ақтөбе облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 31 мамырдағы №ПГГСВ-30 қаулысы;
- «Ақтөбе облысының аумағында шектеу шараларын күшейту туралы» Ақтөбе облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №ПГГСВ-33 қаулысы;
- «Ақтөбе облысының аумағында шектеу шараларын күшейту туралы» Ақтөбе облысы Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №33 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Ақтөбе облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 15 маусымдағы №ПГГСВ-34 қаулысы;
- «Ақтөбе облысының аумағында шектеу шараларын күшейту туралы» Ақтөбе облысы Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №33 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Ақтөбе облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 17 маусымдағы №ПГГСВ-36 қаулысы;
- «Кейбір шектеу іс-шаралары туралы» Ақтөбе облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 маусымдағы №ПГГСВ-38 қаулысы.

ОҚЫРМАҢДАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Кез келген көзі ашық адам үшін тарихтан сыр шертетін тағылымы мол деректер мен атадан балаға жеткен асыл мұра - маңызы зор естеліктер мен ақылгөйлердің дана сөздері жинақталған кітаптың орны бөлек. Және әр жанұяның өз тарихы мен ұрпағына қалдырар мұрасы жетіп артылады. Тек оны жинақтап, кітап қылып шығарудың ретін білмей жатады. Сондықтан өз отбасы тарихы мен өздеріне қимас жандар туралы естелік кітап жазып қалдырғысы келетіндер бізге хабарласыңыздар.

Егер ата-бабаларыңыз туралы көптен бері кітап шығарсам деп жүрсеңіз немесе отбасыңызға ел арасындағы ерекше тұлғалар туралы, ауыл - аудан энциклопедиясын болмаса мектеп түлектері туралы дерекнама кітап жинақтарын шығартып алғыңыз келсе, онда «Хабар-Сервис» баспаханасы сіздің ойыңызды толық іске асыруға мүмкіндік береді.

Біз қарапайым визиткадан бастап, буклет, каталог, газет, кітап, журнал, фотоальбомдарды және т.б. полиграфиялық өнімдерді сапалы қып жазып, жинақтап, басып береміз.

Біздің мекен жайымыз: Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2

«Хабар-Сервис» ЖШС-і

Эл.почта: info.khabar@mail.ru

Тел: 545-545, 400-400

8 (700) 400 75 45

Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҮРГЫНДАРЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІМЕН ӨТКІЗІЛГЕН ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

№7

Қаратал ауылы

25 маусым 2020 жыл уақыты: сағ: 15-00

«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ ғимараты.

Қатысқандар:

А.Ж.Избасов – Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ әкімі.

Г.Нурбалиева - «Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ жетекші маманы

Жергілікті қоғамдастық мүшелері – 17 адам, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің тұрғындары – 37 адам, барлығы –54 адам.

Төрағалық етуші: Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың мүшесі – Доскулов Уалихан Аронович.

Хатшы: жергілікті қауымдастықтың мүшесі: - Нурбалиева Гульнур Сандыгалиевна.

Күн тәртібінде:

Ш. Берсиев атындағы ауылдық округіне қарасты Қаратал, Қарасу және Құмжарған ауылындағы атауы қайталанған көшелердің атауын өзгерту туралы.

Жиналыс төрағасы У.Доскулов жиналысты ашық деп жариялап, сөзді Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі А.Ж. Избасовқа берді.

Ш. Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі А.Ж.Избасов қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып, Қаратал ауылындағы Астана, Қ.Ержанов, Қарасу ауылындағы Ш. Берсиев, Бейбітшілік көшелерінің атауын және Құмжарған ауылындағы Ш. Берсиев көшесінің атауларын өзгерту қажеттігін айтты. Соған байланысты аталмыш көшелерге атау беру қажеттілігі айтылып, жиналысқа қатысып отырғандардың назарына жаңа атаулар тізімі ұсынылды (қоса берілді).

Келесі сөз кезегін алғандар көше атауларын қолдайтындарын білдірді. Бұл ұсынысты жиналысқа қатысушылар қолдап, бірауыздан дауыс берді.

Жиналыс ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қаратал ауылындағы Астана, Қ.Ержанов көшелерінің атауын өзгертіп, Қаратал ауылындағы көшелерге жаңа атау берілсін.

2. Қарасу ауылындағы Ш.Берсиев және Бейбітшілік көшелерінің атауын өзгертіп, жаңа атау берілсін;

3. Құмжараған ауылындағы Ш.Берсиев көшесін өзгертіп, жаңа атау берілсін.

4. Ұсынылған көше атаулары облыстық ономастикалық комиссияға ұсынылсын.

Жиналыс төрағасы:

У.Доскулов

Хатшы:

Г.Нурбалиева

ҚАРАТАЛ АУЫЛЫ БОЙЫНША ӨЗГЕРТІЛГЕН ЖАҢА КӨШЕ АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

№	Көшелердің көне атауы	Ұсынылатын атаулар	Орналасқан жері
1	Астана	Абай	С.Қаратал
2	Қ.Ержанов	Әбілхайыр хан	С.Қаратал

ҚАРАСУ АУЫЛЫ БОЙЫНША ӨЗГЕРТІЛГЕН ЖАҢА КӨШЕ АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

№	Көшелердің көне атауы	Ұсынылатын атаулар	Орналасқан жері
1	Ш.Берсиев	Ахмет Жұбанов	С.Қарасу
2	Бейбітшілік	Бауыржан Момышұлы	С.Қарасу

ҚҰМЖАРҒАН АУЫЛЫ БОЙЫНША ӨЗГЕРТІЛГЕН ЖАҢА КӨШЕ АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

№	Көшелердің көне атауы	Ұсынылатын атаулар	Орналасқан жері
1	Ш.Берсиев	Дінмұхамед Қонаев	С.Құмжарған

АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ 2020 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ҰҒҰ-ҒА АРНАЛҒАН СЫЙЛЫҚАҚЫНЫ БЕРУ ҮШІН ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАЙДЫ.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақыны беруге келесі бағыттар бойынша конкурс өткізу туралы хабарлайды:

- 1) білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу;
 - 2) азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау;
 - 3) қоршаған ортаны қорғау;
 - 4) жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау;
 - 5) отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу;
 - 6) халықтың өлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау;
 - 7) жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардағы балаларға көмек көрсету;
 - 8) халықты еңбекпен қамтуға жәрдемдесу;
 - 9) азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау;
 - 10) мәдениет пен өнерді дамыту;
 - 11) тарихи-мәдени мұраны қорғау;
 - 12) қоғамдық келісімді және ұлттық бірлікті нығайту;
 - 13) өздерінің есебінде тұрған адамдарға өлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметтеріне жәрдемдесу;
 - 14) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу;
 - 15) азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу.
- Байқауға Қазақстан Республикасында тіркелген және Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына мәлімет-



тер ұсынған үкіметтік емес ұйымдар қатыса алады.

Бір үкіметтік емес ұйым бір номинациядан артық сыйлықақыны алуға ұсыныла алмайды. Сыйлықақы алғаннан кейін үш жыл ішінде оны алу үшін қайта ұсынуға жол берілмейді. Бір номинация бойынша сыйлықақы бір немесе бір мезгілде бірнеше үміткерге берілуі мүмкін. Бұл жағдайда сыйлықақы олардың арасында тең бөлінеді.

Сыйлықақыны алу үшін өтінімді ұсынуға арналған тізбе мыналарды қамтиды:

- 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақы беру конкурсына қатысуға өтініш;
- 2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес сыйлықақыға үміткердің сауалнамасы;
- 3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес сыйлықақыға үміткердің қызметі туралы сипаттама (растайтын материалдармен бірге);
- 4) соңғы 3 (үш) жыл ішінде ұсынылған бағыт бойынша іске асырылған жобаларды және бірлескен жұмыс барысында қол жеткізілген нәтиже-

лерді растау мақсатында байланыс деректері көрсетілген қоғамдастық (үкіметтік емес ұйымдар) және (немесе) мемлекеттік органдар өкілдерінің ұсынымдары (екіден кем емес);

5) үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құрылтай құжаттарының және куәлігінің (анықтаманың) көшірмелері;

6) банк шотының болуы туралы анықтама (түпнұсқа).

Сыйлықақыны алу үшін үкіметтік емес ұйымдарды ұсыну жөніндегі өтінімдер Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам комитетіне қағаз және электронды жеткізгіштерде (CD-дискілерде не USB-флеш-жинақтағыштарында DOC, DOCX, Pdf форматында) 2020 жылғы 1 шілдеден бастап 1 қыркүйек аралығында келесі мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимаратының 15-кіреберісі,

Анықтама телефондары: +7 (702) 376 84 00, +7 (708) 777 71 08, +7 (7172) 74-09-97

МИНИСТЕРСТВО ИНФОРМАЦИИ И ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН С 1 ИЮЛЯ 2020 ГОДА НАЧНЕТ ПРИЕМ ЗАЯВОК НА СОИСКАНИЕ ПРЕМИИ ДЛЯ НПО.

Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан объявляет о проведении конкурса на соискание премии для неправительственных организаций по следующим направлениям:

- 1) достижение целей в области образования, науки, информации, физической культуры и спорта;
- 2) охрана здоровья граждан, пропаганда здорового образа жизни;
- 3) охрана окружающей среды;
- 4) поддержка молодежной политики и детских инициатив;
- 5) содействие решению семейно-демографических и гендерных вопросов;
- 6) поддержка социально уязвимых слоев населения;
- 7) помощь детям-сиротам, детям из неполных и многодетных семей;
- 8) содействие обеспечению трудовой занятости населения;
- 9) защита прав, законных интересов граждан и организаций;
- 10) развитие культуры и искусства;
- 11) охрана историко-культурного наследия;
- 12) укрепление общественного согласия и общенационального единства;
- 13) содействие службам пробаии при оказании социально-правовой помощи лицам, состоящим на их учете;
- 14) проведение общественного мониторинга качества оказания государственных услуг;
- 15) содействие развитию гражданского общества, в том числе повышению эффективности деятельности неправительственных организаций. К участию допускаются неправительственные организации, зарегистрированные на территории Республики Казахстан и предоставив-



шие сведения в Базу данных неправительственных организаций. Одна и та же неправительственная организация не может выдвигаться на соискание премии более чем по одной номинации. Не допускается повторное выдвижение на соискание премии в течение трех лет после ее получения. Премия по одной номинации присуждается одному или одновременно нескольким соискателям. В этом случае премия делится поровну между ними.

Перечень для подачи заявки на соискание премии включает в себя:

- 1) заявление на участие в конкурсе на присуждение премий для неправительственных организаций по форме согласно приложению 1 к настоящему Правилам;
- 2) анкета соискателя премии согласно приложению 2 к настоящему Правилам;
- 3) характеристика о деятельности соискателя премии согласно приложению 3 к настоящему Правилам (с приложением подтверждающих материалов);
- 4) рекомендации (не менее двух) представителей общественности

(неправительственных организаций) и (или) государственных органов в целях подтверждения реализации проектов и достигнутых результатах совместной работы по выдвигаемому направлению за последние 3 (три) года с указанием контактных данных;

5) копии учредительных документов и свидетельства (справка) о государственной регистрации (перерегистрации) неправительственной организации;

6) справка о наличии банковского счета (оригинал). Заявки о выдвижении неправительственных организаций на соискание премии подаются в Комитет по делам гражданского общества Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан на бумажном и электронном носителе (CD-диск или USB-флеш-накопителях в формате DOC, DOCX, Pdf) с 1 июля по 1 сентября 2020 года по адресу: г. Нур-Сұлтан, проспект Мәңгілік Ел 8, «Дом Министрств», подъезд 15. Телефоны для справок +7 (702) 376 84 00, +7 (708) 777 71 08, +7 (7172) 74 09 97, 74 02 17.

Таным

ТАҢҒАЖАЙЫП ТАҒДЫР. ФИДЕЛЬ КАСТРО

ҚҰДАЙ СҮЙГЕН ҚҰЛЫН САҚТАЙМЫН ДЕСЕ, ҚАЛАЙ БОЛСЫН САҚТАЙДЫ ЕКЕН-АУ. КУБАНЫ ЖАРТЫ ҒАСЫР БИЛЕГЕН ФИДЕЛЬ КАСТРО 638 РЕТ ЖАСАЛҒАН ҚАСТАНДЫҚТАН АМАН ҚАЛҒАН МЫСАЛЫ. НЕБІР ҚИТҰРҚЫ ҚАСТАНДЫҚТЫҢ ӨЗІНЕН ПЕРІШТЕСІ ҚАҒЫП, ҚҰТЫЛЫП КЕТІП ОТЫРҒАН.



Мәселен, екі снайпер Кастроға шабуыл жасайтын кезде біреуін машина қағып, екіншісі аяқ асты соқырішек болып, жоспар жүзеге аспай қалады.

Енді бірде оған америкалықтар туберкулез түтікшесі салынған аква-ланг сыйламақ болады. Қастандық туралы білмеген америкалық адвокат Донован мұндай сыйлықты Кастроға лайық көрмей, оның орнына қымбатын сатып алып, өлгі Кастроға арналған акваланты өзі қолданып, көп ұзамай көз жұмады.

Үшінші рет барлау қызметі су астынан соққы беретін кезде дауыл тұрып, табиғаттың өзі жауларының жоспарына кедергі жасайды.

Одан бөлек қаламға, темекіге, теннис добына жарылғыш зат жасырып, жауыздық ұйымдастырғанда да адам айтса нанғысыз себептермен ажалдан аман қалған. Мистика дерсіз...

Әйтеуір не керек, Куба революционері осылайша ең көп қастандық жасалған билеуші ретінде Гиннесс рекордтар кітабына енген.

Ал 1960 жылы БҰҰ отырысында 4,5 сағат, 1986 жылы Коммунистік партия съезінде 7 сағат сөз сөйлеп, оратор ретінде екінші рет Гиннесс рекордтар кітабына енеді. Күні бүгінге дейін бірде бір билеуші оның бұл рекордын жаңартпаған.

ЖЕКЕ ӨМІРІ

Кастроның жеке өмірі жайлы да аңыз жетерлік. Ұзынқұлақ төсегінде 35 мың өйел түнеп шыққан дейді? Сегіз баласының ішінде үлкен ұлы Фиделито ғана заңды некеде тұған. Оның шешесі Мирта Диас-Баларт Куба министрінің қызы. Кубалық қыз-келіншектерге ұқсамаған, ерекше әдемі блондинка. Кастро оны алғаш көргенде достарына: «Мен осы қызға үйленемін»-дейді. Ал достары министрдің қызына үйлену мүмкін еместігін айтады. Бір жылдан кейін дегеніне жетіп, үйлену тойы өтеді. Ерлі-зайыптылар бірнеше жыл тату-төтті тұрады.

Алайда 1950 жылдардың басында, Кастро революция ісіне білек сыбана кіріскен тұста Нати Ревуэльта жолығады. Нати – жүзіне құрбысы көз тоқтатпай өтпейтін сулу келіншек болған. Ол кезде тұрмыста, күйеуі егде жастағы дәрігер. Бірақ бұл Кастро мен Натиге кедергі болмаған. Нати оған генерал Батистаны құлату

жолында революциялық жоспарын жасасып, көп көмек көрсетеді. Кастро бірінші әйелімен ажырасқаннан кейін, Нати оған Алина есімді қыз туып береді. Осы қызы 1993 жылы жасырын түрде Америкаға қашып барып, өкесінің жеке өмірі жайлы бар құпияны жайып салады. Осы оқиғадан кейін Кастро қатты жақсы көрген қызының есімін өзі тұрған жерде атауға тыйым салған.

Кастроның қалған бес баласы ширек ғасыр азаматтық некеде тұрған әйелі Делив Сотодан туған. Үш ұлының атын Алексис, Александр, Алехандро деп Александр Македонскийдің құрметіне қойған.

Тағы бір баласы гаваналық Ампаро есімді әйелден. Тағы бір көңіл жарастырған әйелі, өзінің хатшысы болған қызуқанды Селия Санчос 80 жылдардың ортасында өз-өзіне қол салып, көз жұмады. Ең соңғы әйелінің есімі – Далия Сото дель Валье.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕКТЕР:

Солақай. Сүйікті жазушысы Эрнест Хемингуэй.

Ас өзірлеуді ерекше жақсы көрген. Кастроның режимін құлатуға тырысқан Америка билігі бірде кубалықтарға Америкаға көшуге ұсыныс жасайды. Сол кезде Кастро ел түрмелеріндегі қауіпті қылмыскерлерді босатып, мәжбүрлі түрде Америкаға депортациялап жібереді.

Барлау агенттері тіпті оны таллий тұзы арқылы сақаланынан да айырмақшы болады. Ал Кастро бұған: «Сақал қырмасаның күніне 15 минут, ал жылына 10 күн үнемдейсіздер. Сонда бұл 10 күнді кітап оқуға, жұмыс істеуге, спортқа жұмсауға болады»-деп жауап берген.

Кастроның өкесі жер аударылып келген иммигрант. Біртіндеп жер алып, қант плантациясын иеленіп, жағдайы көп-көрім көтеріледі. Шешесі өкесінің қол астында аспаз болған. Олар дүниеге бес баласы келгеннен кейін ғана заңды түрде некелеседі. Өздері оқымағанымен балаларына жақсы білім беруге тырысқан.

P.S.:

Матрицасында үш үштігі мен екі сегіздігі болған. Өте қабілетті, харизмалы адам. Мыңдық белгісі бар. Бұл атақ пен ақшаның белгісі. Жұлдызы – Арыстан.

Ақбота ӘБІЛТАЙ.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69 үй, 3 қабат Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1583 дана. Тапсырыс №829 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ӨМІРДЕН ӨТТІ

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ ОРНЫ ТОЛ-МАС АУЫР ҚАЗАҒА ҰШЫРАДЫ. АСА КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ, АКАДЕМИК, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНА ЕҢБЕК СІңІРГЕН ҚАЙРАТКЕР, ҚР МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, РӘБИҒА СЫЗДЫҚ 96 ЖАСЫНДА ДҮНИЕДЕН ОЗДЫ. БАР САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ОТАНДЫҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУЫНА АРНАП, ӨЗІНДІК МЕКТЕП ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН РӘБИҒА СӘТІҒАЛИҚЫЗЫ СЫЗДЫҚТЫҢ ҰЛТ РУХАНИЯТЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ЕРЕКШЕ.

Рәбиға Сәтiғалиқызы Сыздық 1924 жылы 17 тамызда Ақтөбе облысы Ойыл ауылында зиялы отбасында дүниеге келеді. Әкесі Сәтiғали өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарының бірі еді. Осындай отбасында алаңсыз білім алып жатқан жас Рәбиғаның басына 1937 жылы қасірет бұлты үйіріледі. Пошта басшысы қызметіндегі әкесін халық жауы ретінде ұстап өкеткеннен қайта оралмайды. Әкесі сталиндік зұлматтың жазықсыз құрбаны болып кетсе де, жас қыз мүжіліп, мойымайды. Анасы Жеміс пен әкесінің інісі Еркін-ғалидың қолдауы арқасында алдынан кезіккен сан түрлі қиындықтарды еңсере отырып, білім-ғылым жолында алға ұмтылады. Мектепті ойдағыдай бітіріп жоғары оқу орнына түсіп, үздік дипломмен тәмамдайды.

1948 жылы Мақаш Сыздықов атты азаматқа тұрмысқа шығады. Мақаш Сыздықов – түрік, француз тілдерінің маманы, халықаралық құқы саласы бойынша ғылыми еңбек қорғаған алғашқы қазақ азаматы еді. Осындай есіл азаматтың өмірі қысқа болады. Отыз жасында сүйікті жарынан айрылу жас ғалымға оңай тимегені анық қой. Рәбиға мен Мақаш Сыздықтардың өкеден бес жасында қалаған жалғыз ұлы Әсет те өке жолын қуып, дипломат атанып, еліне елеулі азамат болып өседі.

Өмір алға жалғасуы керек. Рәбиға Сәтiғалиқызы қазақтың тағы бір марғасқа азаматы, халық жауы ретінде 18 жыл айдауда болған ақын, халық артисі Шахан Мусинмен тұрмыс құрып, ғылым, білім, руханият жолында бірге қанат сермейді. Кез келген салада өзінің жаны сүйген іспен айналысу үшін өмірлік серігінің қолдау, ықыласының орны бөлек қой. Бұл тұрғыдағы жарасымды түсіністіктің орнағандығы – қос қайраткердің ұлт руханияты, білімі мен мәдениетін өркендетуге қосқан үлесінен танылғандай.

«Халық жауының қызы» деп тағылған қоңырау да санаға аз салмақ салып, кедергіге аз ұшыратпаған екен. Сонда да мойымаған жас ғалым қазақ советтік тіл білімі ғылымының кенже қалған тұстарын дамыту керектігін анық түсінеді. Нағыз кемел шағында арманда кеткен арыстар Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбановтардан кейінгі қазақ тіл білімі ғылымы жасқаншақ, жабырқақты күй кешіп, өліпбиден өліпби ауыстырып, қиысыны келсің, келмесің, құрылымы мүлде басқа орыс тілінің кейбір категорияларын күшпен тықпалауға кіріскен қырқышшы жылдар мен елуінші жылдардың ортасы – Рәбиға Сәтiғалиқызының ғылым жолына қадам басқан уақыты еді.

Міне, осындай бағыты қожыраңқы, ұлттық танымы божыраңқы дәуірде қазақ тіл білімінің бойына қан жүгіртіп, оны теориялық, практикалық тұрғыда жаңа белеске көтеруде Рәбиға Сыздықтың айрықша еңбегі бар. Қазақ сөзінің мәніне бойлап, оның көне түп-төркініне бойлау дегеннің өзі – ұлт тарихын, өдебиетін, мәдениеті ғасырларға ілгерілету екені – айтпаса да түсінікті. Осы қиындықтарды, алдан кесе көлденең тұрар сан түрлі кедергілерді сезіне тұрса да қажырлы ғалым алған бетінен қайтпайды. «Қазақ өдеби тілінің тарихы (ХУ-ХІХ ғасырлар)» атты аса ауқымды академиялық еңбегі – қазақ тілінің бес ғасырлық тарихын, функционалдық, коммуникативтік қызметін т.б. айқынд

дап берген құнды дүние. Өзінің ғалым ретіндегі айқын ұстанымы, батыл ойлары үшін кезінде өйгілі Мұхтар Әуезовтің өзінен лайықты мінездеме алып, ықыласына ие болған Рәбиға Сыздықтың ғылыми зерттеу жұмысының бір саласы – Абай шығармашылығы болды.

1959 жылы 15-19 шілдеде Қаз ССР Ғылым академиясы Өдебиет және өнер институтында «Өдеби мұра және оны зерттеу» атты ғылыми-теориялық конференция өтіп, осы конференцияда баяндама жасаған жас ғалым Рәбиға Сыздықтың ойлы тұжырымдары қатысушылардың ықыласына ие болады. Қазақ және орыс тілдерінде еркін де сауатты сөйлейтін ғалым қызға академик Мұхтар Омарханұлы Әуезов ризашылық білдіріп, былай деген екен: «Рәбиға Сыздықованың сөзіне конференцияға қатысушылар айрықша риза болды деп санаймын. Оның сөзіндегі бір ерекшелік – тіл мамандары мен өдебиетшілерге қатар айтар орынды, кенеулі ой бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдіреті мейлінше жеткілікті екендігін аңғартты». Бұл бағалау жас ғалымды қанаттандырғаны, алдағы ғылыми жолына айқын бағыт болғаны сөзсіз еді. Олай дейтіміз, Рәбиға Сәтiғалиқызы 1957 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтына (кейін бұл мекемеге М.Әуезовтің есімі берілген) ғылыми қызметкер болып орналасқаннан бастап, бүкіл ғұмыры осы ғылым ордасындағы ізденіс, зерттеулермен өтті десе де болады. Ғалым 1959 жылы «Абай тілінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады. 1957 жылдан 1971 жылға дейін 14 жыл бойы Абай шығармаларының тілін зерттеу нәтижесінде «Абай шығармаларының тілі», «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы», «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбектерін жазды. «Абай шығармаларының тілі» атты еңбегі үшін Қазақстан Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығы беріледі. Бұл – шынайы еңбекті шынайы бағалау еді. Мұхтар Әуезов негізін қалаған абайтану ғылымына үлес қосқан отандық, шетелдік ғалымдар баршылық. Солдардың қатарында, Абай шығармаларының тілдік қолданыс сипаттарын тереңдетіп зерттеп, академиялық еңбектер жазған Рәбиға Сәтiғалиқызының еңбегі елеулі.

Сондықтан да Рәбиға Сыздықты абайтану ғылымының теориялық негіздемесін жасап, қалыптастырушы аса көрнекті ғалымдардың қатарына жатқызамыз. Ғалым Абай шығармашылығын зерттеу бойынша көп жылдық ізденістерді қорытындылай келе: «Абай поэзиясы қазақ өлеңінің бұрынғы көркемдік дүниесінің синтезі ғана емес, жаңа кезеңнің, классикалық жазба түрінің бастамасы», - деген тұжырым жасайды.

Рәбиға Сыздықтың ғылыми зерттеу бағытының бірі түркітану болды. Осы тұрғыда Қадырғали Жалаиридің «Жамиғ ат тауарих» еңбегін жан жақты талдай зерттеп, монография жазып, аталған еңбектің түркі халықтары, оның ішінде қазақ тілі мен өдебиеті, мәдениеті қатысын дәлелдеп шықты. Түркі дүниесінің аса көрнекті тұлғасы Қожа Ахмет Яссауи шығармашылығы туралы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде «Яссауи хикметтерінің тілі» атты ғылыми еңбек жазып, онда Қожа Ахмет Яссауидің тіліне лексика-грамматикалық, текстологиялық талдау жасайды. Оның түркі поэтикасының құдіреті арқылы исламдық канондарды Дала халқының жүрегіне орнықтырушы тұлға екендігін дәлелдейді.

Қазақ тілінің заманауи дамуы барысындағы тілдік нормалары, орфография, орфоэпия, ситилистикасы мәселелерін зерттеу, оны мектеп, арнаулы және жоғары оқу орындарында оқыту мәселелерін жолға қою, іс қағаздарында қолдау мәселелерінде де көрнекті ғалым Рәбиға Сыздықтың ерекше еңбегі



бар. Қазақ орфографиясы ғалымның басқарып редакциялауымен ер он жыл сайын шығып тұратын дәстүр қалыптасқан болатын. Қазақ орфографиясы туралы сонау 1960 жылы «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы бойынша анықтағыш» атты бірлескен еңбектен бастап, қазіргі дәуірге дейін көптеген кітаптар жазды. Қазақ тілінің орфографиясын қалыптастыруда ғалымның аса үлкен еңбегін ескере отырып, Рәбиға Сыздық түзіп қалыптастырған орфографиялық бірліктерді кейінгі қалыптасып, тілімізге еніп жатқан сөздермен байыта отырып, қазіргі сандық форматқа енгізіп, қолжетімді түрде ұлт игілігіне жарату – ғалым шәкірттерінің айнымас парызы болуы тиіс деп санаймыз. Бұл – қазақ тілді қоғамның сұранысы.

Тіл – өдебиеттің материалы десек, қанат тілінің дыбыстан бастап, синтаксистік күрделі қолданысқа дейінгі қызметтік сипаты – Рәбиға Сәтiғалиқызының әрдайым назарындағы зерттеу нысаны болды. Осы саладағы зерттеу еңбектерін санамалап шығудың өзі де әжептәуір күш болары сөзсіз. Өмірден қапияда өткен тіл арыстардың өмір жолы мен еңбектерін халқымен қайта қауыштыру, аргы жыралулардан бастап, қазіргі заман ақындары мен жазушыларының шығармашылығын зерделеп, оларға тілдік-стистикалық талдау жасау, сан салалы ғылыми, ұстаздық, қоғамдық қызметтер – Рәбиға Сәтiғалиқызы өмір жолының мән-мағынасын, салмағын аңғартады.

Иә, екі бірдей дәуірдің куәсі болып, бар өмірін ғылымға арнаған Рәбиға Сыздықтың өмір жолы – еліне, халқына қызметтің жарқын үлгісі. Айқай-шу, даңғазы ұрансыз-ақ, табанды түрде туған тілінің мәртебесін асқақтатудың мысалы. Осы күні бәз біреулердің: «Қазақ тілін дамыту керек!» - деп ұрандатып жатқанын естігенде еріксіз қынжыласың. Себебі, атам заманнан қалыптасқан, кез келген ұлттың поэтикасы, кез келген ғылым мен білімдік ұғымдар мен түсініктер емін-еркін тереңіне сүңгіп кетерліктей кемел қазақ тілінің ғылыми тұрғыдағы берік тағанын сонау Ахандардан бастап, бүгінгі өмірден өткен Рәбиға Сыздықтар мызығымастай қалап, дамытатын тұсын теориялық, практикалық тұрғыда жеріне жеткізіп кеткен жоқ па? Апатқа қатысты «нәтиже» мен «салдардың», алғысқа қатысты «үлкен рақмет» пен «көп рақметтің» ерсі қылыққа қатысты «оспадарсыздық» «оспадардың» қайсысы дұрыс қолданыс екенін айырмай жүріп «қазақ тілін дамыту» туралы өңіме айту не сән? Ұғынғанға қазақ тілінің тамыры терең бойлатып, діңі көкке ұмсындырып, жапырағын жайғызып, мөуесін уылжыта төктіріп берген Рәбиға Сыздық қатарлы ғалымдардың еңбегіне қарап: «Қазақ тілінің қолдану аясын кеңітіп, заңдық тұрғыда тынысын ашып, беделін арттырамыз», - демесек, тілді дамыту деп айту «оспадарлық» емей немене?

Қош, қазақ руханиятының жүгін жетпіс бес жыл бойы қайыспай көтерген апшымас аруанасы, ұшан-теңіз рухани қазына тиеген алып кемесі! Соңыңызға қалдырған өлмес еңбектеріңізді бағалап құрметтейтін халқыңыз барда, ізгі есіміңіз ұмтылмақ емес!

Асылбек БАЙТАНҰЛЫ.

КӨКЖАР КӨШЕСІ – ЖАРЫС АЛАҒЫ ЕМЕС!

«ЖОЛ АЗАБЫН ТАРТҚАН БІЛЕДІ» - ДЕСЕК ТЕ, БІЗ ҚОЛДА БАРДЫҢ ҚАДІРІН БІЛМЕЙМІЗ! ӨМІР БОЙЫ КҮРЕ ЖОЛДЫҢ БОЙЫНДА КӨРЕСІНДІ КӨРІП КЕЛСЕК ТЕ, ҚОБДАҒА ДЕЙІН ТАҚТАЙДАЙ ЖОЛ ТӨСЕЛІП ЖАТҚАНДА, ЖАҒАЛАСЫП ЖОЛҒА ШЫҒЫП, ЕРТЕҢГІ ӨЗІМІЗ ЖҮРЕТІН ЖОЛДЫҢ САПАСЫН КЕТІРГЕНІМІЗ РАС!



Сол көріністерге биыл да куә болып отырмыз. Уақытша қиындыққа шыдамаймыз!

Биыл көптен күткен арманымыз – Көкжар көшесіне асфальт төселіп жатыр. Жұмыс барысын бақылап тұрып, құрылысшылардың жұмысын көре тұра, қойған кермесін көтеріп өтіп, жол белгілерін құлатып кеткендерді көрдік. Сонда ол жолмен кім жүреді? Біз! Демек, жол қатқанша шыдауға бола ма? Болады! Жоқ, біз шайдай алмаймыз! Содан келіп, ертең жолдың сапасына сын айтамыз! Мемлекеттің қаражатына жасалып жатқан жұмысқа көмек бермесек те, кедергі келтірмеуіміз керек қой. Ал,

мемлекеттің қаражаты біз бен Сіздің салықтарымыздан құралады. Яғни, ол жолда Сіздің де үлесіңіз бар. Сондықтан, өзіңнің қаражатың қосылған жолға ұқыппен қарау міндет!

Бұл айнаның бірінші жағы. Екінші жағы – жасынан өкенің малына көлік алғандар түнде орталық көшеде жарысуды тағы бастады. Оған күндіз велосипедпен жарысатындарды қосыңыз! Сонда Көкжар көшесі тура жарыс алаңы сияқты. Баланы да, басқаны да төртіпке шақыратын адам жоқ па?

С.ЫҚЫЛАС,
Ойыл селосы.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы
Әлімжан Нұрманов
(12.07.1974 – 20.02.2020 ж)

Өлімге жан едің сен қия алмайтын
Көз жасымды бүгін мен тия алмаймын.
Қазақтың азаматы дәл осы деп,
Көрсетуге достарың ұялмайтын!
Ізеті көп інінің қамқоры едің,
Жігіттің үндемейтін жампозы едің,
Сырбаз жүріп атқарып бар шаруаны,
Ауруды да сабырмен қарсы алып едің.
Адал ең, қорғаны боп тұрған ардың,
Баулыған шәкірттерің тұлғаланды,
Жеңістің биігіне талай шығып,
Өзің де жүлделерден құр қалмадың!
Кісілік мінезіңмен өтімді едің,
Айырылып асылыңан өкінді елің,
Жеңістерін ағаларың жеткізіп,
Жалғашан алтын көпір секілді едің.
Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын!
Еске алушылар: анасы Бақыт және бауырлары.



Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Дәулетовтар еулетіне аяулы анасы

Зеріп апайдың
қайтыс болуына байланысты, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ерішовтер еулетіне

Шоқпарова Тұранның
қайтыс болуына байланысты, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы және Берсиев орта мектеп ұжымы Берсиев орта мектебінің мұғалімі, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Сәндіғалиева Нұрлыгүлге жолдасы
Танабаев Қуаныш Еңсегенұлының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық білім бөлімі мен Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы аудандық кәсіподақ ұйымының есепшісі Қитанова Роза Ноқымықызына әкесі

Ноқымның
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Саға мектеп-балабақшасының ұжымы, бастауыш кәсіподақ комитеті зейнеткер ұстаз Құлбатырова Баянға ұлының, музыка пені мұғалімі Өмірова Дана Майданқызына жолдасы

Бисенов Талғат Дауылбайұлының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Саға мектеп-балабақшасының ұжымы, бастауыш кәсіподақ комитеті жұмысшы қызметкері

Жарылғасынов Әнес Елемесұлының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-тумасына ортақтасып көңіл айтады.